

## Қазақ ауылындағы аштық және оған бейімделу тәжірибесі

Светлана О. Смағұлова<sup>1</sup>, Ерлан Е. Сайлаубай<sup>2</sup>, Халил Б. Маслов<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Корреспонденция үшін автор<sup>1</sup>:

<sup>1</sup>ader\_s68@mail.ru, <sup>2</sup>alashorda100@mail.ru, <sup>2</sup>halel\_86@mail.ru

<sup>1</sup><https://orcid.org/0000-0002-4256-8783>

<sup>2</sup><https://orcid.org/0000-0003-2027-0078>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-145-4-160-177>

**Аңдатпа.** 1931-1933 жылдардағы ашаршылық Қазақстан халқына есепсіз шығын әкелді. Аштықтың зардабын тартқан халық басқа елдерге пана іздеп, босып кетті. Көптеген ауылдарда өлген адамдардың көмүсіз сүйектері ғана қалды. Бұл ашаршылық Қазақстанның демографиясына кері әсерін тигізді. Аштықтың тарихы тек статистикалық өлім-жітім көрсеткіштерімен ғана шектелмейді, қорқынышты сандардың артында адамдардың тағдыры тұр. Авторлар қазақстандық апат кезеңіндегі қазақ ауылымен рулық-иерархиялық қатынастардың өзгеруін көрсетуге тырысты.

Мақалада 1931-1933 жылдар аралығында Қазақстанда болған ашаршылық зардаптарына, қазақ ауылдарының әлеуметтік жағдайы мен аштықты ауыздықтаудағы үкіметтің іс-шаралары нақтыланады. Ұлт зиялылары мен азаматтардың аштыққа қарсы іс-әрекеті баяндалады.

Ашаршылық тарихына қатысты құжаттар қазақ руының, қазақ отбасының, қазақ ауылының аффективті қоғамдық санамен айқындалған бейімделу тәжірибесінің бірегей беттерін ашады.

Авторлар экстремалды жағдайдағы халықтың мінез-құлық әрекеттеріне талдау жасады. Авторлар оған азық-түліктің балама көздерін іздеуді, жеке мінез-құлықтың қоғамға қарсы және деструктивті құбылыстарын, аштық агрессиясын да жатқызады. Қазақ отбасы мінез-құлқы әрекетіндегі балалар мен қарттарды тастап кету, туыстық байланыстардың ыдырауы, каннибализм, некрофагия сияқты өзіне тән емес асоциалды түрлері анықталды. Отбасылық және рулық жад ауыр соққылыжайттар, ашаршылық оқиғасын сақтап қалды.

**Түйін сөздер:** ашаршылық; қазақ ауылы; босқыншылық; рулық қатынастар; бейімделу тәжірибесі; аман қалу стратегиясы.

Received 29.08.2023. Revised 30.09. 2023. Accepted 15.10. 2023. Available online 30.12.2023.

For citation:

Smagulova S., Sailaubay Y., Maslov Kh. Hunger and adaptation practices of the Kazakh village // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 145. – No. 4. – P. 160-177. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-145-4-160-177

Для цитирования:

Смағұлова С., Сайлаубай Е., Маслов Х. Голод и адаптационные практики казахского аула // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 145. – No.4. – С. 160-177. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-145-4-160-177

## Кіріспе

1931-1933 жж. ашаршылық барысы жаңа құрылған қазақ колхоздарына үлкен қиыншылықтар туғызды. Жалпы бұл жылдардағы ашаршылықтың шығуына сол кездерде жүргізілген саяси науқандардың әсері болды. Бұған 1925 жылы Қазақстанға өлкелік партия комитетінің хатшылығына Ф.И. Голощекиннің келуімен басталған ауылшаруашылығын «кеңестендіру» үдерісі, «Кіші Қазанды» идеясын жүргізу, ірі байларды тәркілеу үдерісі, ауылшаруашылығын ұжымдастыру барысы, И. Сталиннің астықты дайындау барысындағы асыра сілтеушілігі, партия қатарын тазарту сияқты саяси науқандарды жатқызуымызға болады. Осыған байланысты үкімет тарапынан жүргізілген түрлі іс-шаралар, қаулы-қарарлардың нәтижесі ұлт азаматтарын, қазақ зиялыларын, зиянды деген дін иелерін «халық жауы» ретінде қуғындап, қызметтен аластатып, соттау, лагерьлерге қамау сияқты жазалаулардың қолдануы да үлкен әсерін тигізді.

Ұсынылып отырған тақырыптың өзектілігі, бір жағынан, дәстүрлі көшпелі қазақ қоғамының рулық институттарды сақтап қалуға тырысқанын, екінші жағынан, күштеп модернизациялаудың қазақ апатына әкеліп, қазақ ауылындағы рулық-отбасылық санаттағы күштерді жойып жібергенін көрсету. 1920-1930 жылдары қазақтың дәстүрлі элитасы, қазақ байлары Қазақстаннан тыс жерлерге жаппай көшу үдерісі арқылы ауылды сақтап қалуға тырысты. Ашаршылық жылдарында бейімделу тәжірибелері, аман қалу стратегиялары және ашық/жасырын қарсыласу тактикасы қалыптасты, алайда олар ғылыми зерттеудің объектісіне айналмады.

Жүргізілген әр науқанның ауылшаруашылығына тигізген кері әсері ашаршылықтың шығуына сөзсіз себепші болды. Мәселен, индустриаландыру барысына аса назар аударған үкімет 1926-1932 жылдар аралығына арнайы жоспар қабылдап, ауыр индустрияны, машина жасау өнеркәсібін өркендетуді көздеді. Сөйтіп, индустриаландыру барысында өнеркәсіп пен транспорт саласын қалпына келтіру мәселесі қолға алынды да, ауылшаруашылық саласы сол қалыпында қалып қойды. Сол кездерде Қазақ өлкелік партия комитетіне басшы болып келген Ф.И. Голощекин қазақ ауылдарының дамуында ілгерілеушіліктің жоқтығын, әлі де болса ауылдарда қазақ байлары мен атқамінерлердің дәурені жүріп тұрғандығын, «Қазан лебінің сезілмейтіндігін» айтып, «Кіші Қазан» идеясын жүргізуді, «ауылдарды жаппай кеңестендіруді» ұсынды. Оның бұл идеясына И. Сталин қолдау көрсетті. Бұл идеяны үкімет билігінде жүрген О. Жаңдосов пен М. Қайыпназаровтар да қолдап, 1926 жылдың қарашасында болған БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің III пленумында О. Жаңдосов егіндік пен шабындық жерлерді қайтадан бөлу кезінде қазақтың ірі байларын тәркілеу қажеттігін көтерген болатын. Алайда, бұл пленумға қатысушылар байларды тәркілеудің әлі уақыты жеткен жоқ деп, оның бұл ұсынысын қабыл алмады. Қазақ байларының күшін қалай әлсірету қажеттігі төңірегінде сөз сөйлеген М. Қайыпназаров Кеңес өкіметінің орнағанына 9 жыл болса да, ауылды жерде кеңес өкіметінің жоқтығын, кеңестердің түріне қарай емес, құрылымына қарай орнату керектігін атап өтеді (ҚРПА. 141қ. 1т. 485іс. 116, 119пп).

1927 жылы 2-19 желтоқсанда БК(б)П XV съезі болып, онда ауылшаруашылығын ұжымдастыру мәселесі көтерілді. Ауылшаруашылығын ұжымдастыру ісін барынша өрістету туралы шешім қабылданып, колхоздар мен совхоздарды өркендетіп, нығайту жоспарын белгіледі, ауылшаруашылығын ұжымдастыру жолындағы күрестің әдістері мен құралдары туралы айқын нұсқаулар берді. Осы нұсқаулардан кейін Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің жабық жиналысында шұғыл түрде қаралып, онда ауылшаруашылығы салығы төленуі мардымсыз екендігін, салық жинауды мерзімінде орындауды аса қадағалау қажеттігін баса көрсетті (ҚР ОМА. 1380қ. 1т. 173іс. 7п).

1928 жылы 6 қаңтарында И. Сталин астық дайындау барысы жөніндегі қаулыға қол қойған еді. Одан кейін әр айға орындалатын пайызы шағылып көрсетілді. Алайда, белгіленген жоспар орындалмай қалды. Осы кездерде Қазақстанның әр өлкесінде аштық пен жұттың нышандары біліне бастаған болатын.

1928 жылдың қаңтарында И. Сталин астық дайындау мәселесімен Сібірді аралады. Сапар барысында ол кейбір губернияларда астық бағасының өрескел бұзылғандығы анықталып, астық дайындаудың жаңа жоспарын орындамаған кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тартуды қатаң тапсырды (ҚР ПА. 141қ. 1т. 2087іс. 47-56пп). Осылайша, шаруаларға қарсы зорлық-зомбылық басталып кетті.

И. Сталин тексеру барысында көптеген кемшіліктердің орын алғандығын көріп, сот орындарына астық дайындау барысын орындай алмаған шаруаларды жауапқа тарту мәселесін тапсырды. Сол сапарында бірталай басшыларды орындарынан алып, партиядан шығарып қайтты. И. Сталиннің тапсырмасы бойынша, РКФСР Қылмыстық Істер Кодексінің 107-ші, 79-шы, 58-ші баптары бойынша астық дайындауда қасақана бүлдіруші әрекеттер жасағаны және егін науқанын бүлдіргені, сондай-ақ ет өткізу жоспарын орындамағаны үшін шаруалар жаппай жазаланды (ҚР ПА. 141қ. 1т. 1687іс. 38-41пп).

1928 жылы 15 мамырында Голощекин БК(б)П ОК-не жіберген мәлімдемелік жазбасында көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы ірі байларды тәркілеуді көтерген болатын (ҚРПА. 141қ. 1т. 1842іс. 231,239пп). Ал 21 маусымында ол Сталинге тез арада тәркілеуді бастау қажеттігін айтып жеделхат жолдайды. 9 тамызда БК(б)П ОК-нің «Ірі шаруашылық иелерін тәркілеу және оларды жер аудару» турасында қаулысы қабылданды. Бірнеше күннен кейін Қазақ өлкелік комитеті тәркілеуге басшылық ететін партиялық комиссия құрылып, оның төрағалығын Е. Ерназаров атқарады (ҚР ПА. 141қ. 1т. 1687іс. 12,57 пп).

Тәркілеу жұмысына байланысты жер-жерлерге республиканың орталық партия-кеңес органдарының, округтік ұйымдарының 992 уәкілі жіберілді. Бұл уәкілдер қабылданған заңның мәнін түсіндіруге тиіс болды. Сонымен қатар, жергілікті Кеңестердің жанынан арнайы комиссиялар құрылды.

Ірі байлар шаруашылықтарының тәркіленіп, жер аударуларына қарсы болды. Сондықтан малдарын сатып да, жасырып та, сойып та бақты. Аса ірі-байлар тәркілеуге күшті қарсылық жасады.

Кей жағдайда шолақ белсенділердің білімсіздігінің арқасында тәркілеуге орташалар да ілігіп кетті. Сөйтіп, тәркілеуге 696 шаруашылық ілікті. Ірі байлардан тәркіленіп алынған мал-мүліктер қазақ еңбекші шаруаларына, сондай-ақ, жаңа құрылған колхоз, совхоздарға бөлініп берілді.

Тәркілеуге қатысты заңнан кейін 30 тамызда Қазақ АКСР ХКС-нің «Қазақстандағы көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы аудандарды қалыптастыру» жөнінде қаулысының қабылданып, ұжымдастыру әдіс-тәсілдері жүзеге асырылды (ҚРОМА. 5Р-қ. 21-т. 15-іс. 1-п). Дегенмен, ұжымдастыру барысында мал шаруашылығы орны толмас шығынға ұшыратты, күштеп қысым көрсету мен озбырлық ауылшаруашылық өнімдерін құлдыратып жіберген. Тәркіленген малдардың есебінен жаңа колхоздар ұжымдастырылды. ОГПУ-дің 1929 жылы 25 шілдедегі Қазақстандағы колхоз құрлысының жағдайы туралы арнайы мәлімдемесі бойынша 1928 жылы 1 қарашасына дейін 2315 орнына 4067 колхоз құрылған. Сөйтіп, 1929 жылдан бастап колхоз құрылысында жаңа кезең басталып, колхозға жеке-жеке топ емес, ауыл, аудан болып, тіпті орташалар да кіре бастады. Алайда колхоз құрылысына ұжымдастыруда көптеген кемшіліктер кедергі келтірді. Оған материалды-техникалық базаның жоқтығы үлкен себеп болды.

1930 жылы адам шығыны байқалып, ауыл халқы 700 мыңға азайды. Ал 1931 жылдың күзімен 1932 жылы қараған қыс пен жаз ауыр тиіп, ауыл тұрғындары 2,5 млн. адамға кеміді. Сол жылдары күштеп ұжымдастыру қарқыны үдеп, ауылдың өмір сүру жүйесі күйреген еді.

Қазақстан ұжымдастыруға әлі де дайын емес еді. Оның үстіне көшпелі және жартылай көшпелі аудандарды бірден отырықшылыққа көшіруге тұрғылықты халық риза болмады. Түсіндіру жұмыстары жүргізілмеді. Бұл мерзімді басылымдарда ашық жазылып, қызу талқыға айналды.

1931-1933 жылдары ашаршылықтың шығуының себебіне осы тақырыпты зерттеуші ғалымдар Қазақстанда жүргізілген сталиндік-голощекин дік реформалар:ірі байларды тәркілеу, отырықшыландыру, колхоздастыру науқандар деп тұжырымдайды.

### Зерттеу әдістері

Мақала жазу барысында сипаттау, талдау және сараптау, баяндау, тарихи байланыстыру мен жүйелеу, проблемалық-тақырыптық, статистикалық әдістері қолданылды. Сипаттау әдісі бойынша аштықтың шығуына және онымен күрес барысындағы іс-шаралардың жүргізілу барысы қарастырылды. Талдау әдісі бойынша ашаршылыққа қатысты тарихнамалық зерттеулер мен тарихи құжаттар сараланады. Талдау негізінде аштық куәларының естеліктері де назарға алынды.

Ұлт зиялыларының аштықты ауыздықтаудағы қызметін қарастыру барысында архив құжаттары салыстырмалы түрде қолданылды. Сонымен қатар, мақала жазу барысында саяси науқандардың орындалу барысы мен ерекшеліктерін бір-бірімен тарихи байланыстыру және тарихи оқиғаларды жүйелеу әдістері де пайдаланылды.

Аштық құрбандарының санын нақтылау барысында статистикалық әдіс қолданылып, архивтік деректер мен ғалымдардың зерттеулеріндегі түрлі мәліметтер қарастырылып, Қазақстан облыстарында ашыққандардың саны салыстырмалы түрде көрсетілді.

### Талқылау

1931-1933 жылдары ашаршылық мәселесін тек XX ғасырдың 90-шы жылдардың басында ғана нақты зерттеліне бастады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының шешімімен 1991 жылы қарашасында 1931-1933 жылдары күштеп ұжымдастыру мен аштық жағдайын зерттеу жөнінде комиссия құрылып, 1931-1933 жылдардағы аштықтың шығуына себебін кеңестік жүйенің әккі саясаты, байлар мен ауқатты шаруаларды тәркілеу барысындағы зорлық-зомбылық, отырықшыландыру кезіндегі шамадан тыс күштеу, заңсыздыққа қарсы шыққандарды қуғындау деп көрсетті. Бұл комиссияның қорытындысы 1992 жылы желтоқсанда «Казахстанская правда» мен «Егемен Қазақстан» газеттеріне жарияланды. Осыдан кейін ашаршылық бағытында бірқатар ғылыми жинақтар жарық көріп, диссертациялар қорғалды (Насильственная, 1998; Трагедия, 2013:Т.1).

Аштықтың шығу себептеріне қазақстандық ғалымдар түрліше пікір айтады. Олардың бірі Кеңестік жүйе тұсында жүргізілген саяси науқандардың нәтижесінен десе, екінші біреулері табиғи апатпен ұштастырады. Ғалым Т. Омарбеков ашаршылықтың шығуына осы екі себепті де жатқызады (Омарбеков, 2011).

Президентіміз Қ. Тоқаевтың 2020 жылдың қарашасында аштық мәселесін де қарастыру қажеттігін көтергеннен кейін, нәтижесінде аштық мәселесін айқындайтын құжаттар іздестіріліп, бірнеше томдық жинақтар жарық көрді (Ашаршылық, 2021).

Ашаршылық мәселесін шетелдік ғалымдардың да зерттеулеріне арқау болды. Олардың қатарында Марта Олкотт, Роберт Конквест, Изабель Огайон, Стефан Уиткрофт, Николо Пианчиоло, Роберт Киндлер, Сара Камерон сынды ғалымдар Кеңес Одағындағы аштықтың шығу себебін айқындауға тырысқан. Олардың еңбектерінде қазақ жерінде болған ашаршылықтың сталиндік солақай саясат, түрлі науқандардың қателіктері екендігі келтірілді (Марта Брилл Олкот және т.б.). Бұлардың арасында американдық ғалым Сара Камеронның еңбегі Қазақстандағы ашаршылықтың шығуын саяси үдерістің салдарына жатқызады.

Қазақ авторларының ішінде мәселеміздің кейбір тұстарын қозғаған «Қазақ ауылының наразылық координаттарының жүйесіндегі рулық-иерархиялық байланыстар» деген еңбекті атап өтуге болады (Сайлаубай, 2023)

Авторлар қазақ қоғамындағы әлеуметтік мимикрияны қалыптасу мәселелерін аша отырып, оны енжар бейімделу тәжірибесіне жатқызуға болатынын көрсетті. Сонымен қатар «...байларды жоюдың екпінділігін қарапайым топ ретінде саналатын төменгісатыдағы

«көпшілікті...» тарту арқылы жүргізілгеніне» тоқталды, бұл олардың пікірінше «...рулық текетірес пен екіжақтың да жойылу алаңына айналды...» (Сайлаубай, 2023: 64).

Ұсынылған зерттеуде аштық антропологиясына ерекше мән берілді. Зерттеушілердің назарын тартқан ортақ жайт, ол жеке адам, күнделікті аш өмір жағдайында адам болмысы болды.

### Нәтиже

Кеңес өкіметі орнаған қазақ даласында 1927 жылға дейін қазақ қоғамының рулық-иерархиялық жүйесі айтарлықтай өзгерістерге ұшырамағанын айта кету өте маңызды. Осыған назар аударған Ф. Голощекин қазақ ауылын кеңестендіру – «Кіші Октябрь» саясатын жүзеге асыруға белсене кірісті. Ф. Голощекин сталиндік жаппай әлеуметтік-экономикалық науқандар саясатының белсенді насихаттаушы болды. Оның бұл әрекеті түптеп келгенде қазақ ауылындағы аштықтың басталуына әкеліп соқты. Ф. Голощекин орталықтан өзіне жүктелген міндеттерді жалғыз жүзеге асыра алмайтыны анық жайт. Бұл жағдайда жергілікті кеңес шенеуніктері оның белсенді серіктеріне айналды. Жергілікті кеңес шенеунігі өзінің туыстарына деген ұстанымы азғындық пен қылмысты болса да, орталыққа адалдығын үнемі іс жүзінде көрсетіп, дәлелдеп отыруы керек еді (Акимбеков, 2021). Жоспармен белгіленген өнімдерді даярлау және жабдықтап жеткізу көрсеткішін «большевиктік» жанқиярлықпен орындау бірінші кезекке қойылды. Өкінішке орай жергілікті кеңес шенеуніктері орталық қойған мақсатты орындау үдерісінде, қарауындағы ауылдарда орын алған жаппай аштық пен халықтың өліміне толық немқұрайлықпен қарауы үйреншікті жағдайға айналды.

30-жылдың басында КСРО мемлекетінің көптеген аймақтарында ашаршылық нышаны байқала бастады. Әсіресе, Еділ бойы, Солтүстік Кавказ бен Украина халықтары аштық құрсауына ілікті. Қазақстанды да саяси науқандардан кейін жұт пен аштық жайлады. Ашыққан адамдар ісініп, жүре алмай қалып, жеткен жерінде құлап, жан тәсілім етті. Апта сайын аштан өлгендер немесе ашығып жатқандар жайлы хабарлар жоғары жаққа кетіп жатты.

Жаңадан құрылған колхоздардың шаруашылығы аштық басталған алғашқы жылдың өзінде шығынға ұшырап, жем-шөптің жоқтығынан малдары қырыла бастады. Құпия түрдегі ОГПУ-дың арнайы қорытындысында Қазақстанның кейбір аудандарының колхоздарында ашығу фактілері барлығы айтылды және нақты мысалдар келтірілді. Бұған астық дайындауда жоспарды асыра орындаймыз деп колхоз мүшелерінің қолындағы барлық астық пен қалған малдарының тартып алынуы себеп болған. Мұндай жағдайлар Аягөз, Павлодар, Абыралы, Қаратал аудандарында орын алды. Аурудан өліп, көмілген жылқы, басқа малдарды қазып алып жеу, дала құстарын, жыбырлаған жәндіктерді аулау көбейген.

Ырғыз ауданында 10 колхозшы аштықтан өлген. Толық емес мәлімет бойынша, 42 колхоз азық-түлік қиыншылығын тартса, олардың 23-і өлген малдардың етін, тіпті терісін қайнатып жеген. Ісініп кеткен колхоз отбасының 32 жағдайы тіркелген. Ауданның №1-ші ауылының колхозшысы Нұрзан Сейполов 6 адамдық отбасымен ашыққан. Барлығы ісініп, Сейполовтің өзі әлі кеткендіктен колхоз жұмысына шыға алмаған. Колхозшылар Самар Шәленов пен Сәрсен Саматовтардың отбасы өлген малдың етімен қоректенген.

Шемонаиха ауданында азық-түлік қиыншылығынан мектеп жабылып, онда оқыған 200 бала үйлеріне жіберілген. Бесқарағай, Есіл аудандарында ашығып өлгендер тіркелген.

Қарап отырсақ, 1932 жылдың ақпанында арнайы жасалған қорытындыда барлық облыстардағы аудандарда ашыққандар өлексемен, шөп тамырымен қоректенгенін көруімізге болады (ҚР ОМА. 30қ. 7рсчт. 153іс. 2-16пп).

Бұдан кейінгі айларда жасалынған мәлідемелік қорытындыларда да халықтың жаппай ашығып жатқандығы айқын түрде айтылды. Өкінішке орай, бұл мәліметтер тек құпия сақталынды. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі жылдары да 30-жылдардағы аштықты әшкерелейтін құжаттар құпиялығын сақтап, зерттеушілердің қолына тимеді.

Енді қолымызға тиген құжаттарды оқи отырып, халықтың басынан қандай азапты, қасіретті күндердің өткеніне сенгің де келмейді. Бірақ, бұл – шындық.

Аштықтан Сібір өлкесіне босып бара жатқандардың қарасының көптігін, бірнеше ауылдар мен поселкелердің қаңырап бос жатқандығын, тек әкімшілік ауылкеңес ғана қалғандығын келтіре, арыздануларының мақсатын «мұндай сұмдықтарды жасыратын перденің бұрышын көтеру арқылы, ашыққан ауданның жағдайын көрсету» деп көрсетеді (ҚР ПА. 141қ. 1т. 5233іс. 8-9пп).

Арызданушылардың хаты ащы шындық еді. Мұндай мазмұндағы хаттар әр округтан жазылып, жоғары жаққа жіберіліп жатты. Ашық жазудан қорыққандар аты-жөнін жасырып (анонимді түрде) Орталық комитетке хат жолдаған. Сондай хаттың бірін Шыңғырлау ауданының Лубенка поселкесінен келген. Құлақтардың қатарына қасақана түрде енгізілген кедейлер мен орташаларды қудалап, арызданғандарға аудандық комитет «егер ауыл кеңесі сені құлақ қылса, сен онда құлақ боласың» деп жауап берген. Хатта осыған орай Орталық комитеттен Лубенка селолық кеңесіне кімнің құлаққа жататындығын нақтылайтын нұсқаулық жіберуін өтінген.

Тәркілеуге ұшырап туған жерінен өзге өлкеге жер аударылған байлардың қолдарына күн көріске қажетті малдарды әкімшілік бермей, алып қалғандықтан барған жерлерінде аштыққа ұшырады. Бұл жайында Қазақ өлкелік комитетіне ОГПУ өкілінің берген хабарламасында Павлодар уезіне жер аударылған байлардың барлық азық-түлігін билік уәкілдері тартып алғандықтан 40 адамның ашығып, өлгендігін келтіріледі. Оның көбі балалар болған. Тірі қалғандар мысық, иттің етін жеген. Малдың өлекесін талғажау еткен (ҚРПА. 141қ. 1т. 5208іс. 29п).

Жаңадан құрылған колхоздар бос қалды. Тамақ іздеп дала кезіп кеткендердің саны білу мүмкін емес еді. Үйінде жылуы жоқ, талғажауға еш нәрсе таппаған колхозшы әйелдер ауыл кеңестерінің есігін тоздырды.

Аштық жайлаған колхоздағы шаруалардың кеңес үкіметіне деген сенімсіздігі күшейді. Адам етін жеу фактілері тіркелген. 1932 жылдың маусымында Ақтөбе облыстық комитетінің жауапты хатшысы П.И. Хабаровқа Обаған ауданының хатшысы Буланиннен түскен жабық хатта 20 маусымда Урицкіде болған облыстық конференцияға барған кезде ашығып жатқан халықтың жағдайын өз көзімен көргендігін келтіреді. Екі ауыл кеңесінде, атап айтқанда Исаев пен Барлы ауылдарында жаппай аштықтан өліп, тірі қалғандары босып шетке кетіп жатқандығын, адам жеу фактілері барлығын баса көрсетеді (АОМА. 85қ. 1т. 41іс. 7п).

1932 жылдың 7 шілдесінде КСРО ОГПУ-ның құпия-саяси бөлімінен түскен арнайы хабарламада наурыз-мамыр айларында Қазақстан аудандарында 7 мыңдай адам аштықтан өлген. Жеке аудандарда 67 адам етін жеу анықталған. Олардың 39-ы адам өлтірумен аяқталған (Голод, 2011: Т.1:134б.).

Аштықпен бірге жұқпалы аурулар да кең етек жайды. Тырысқақ, іш сүзегі және т.б. жұқпалы аурулар аштардың арасында жылдам тарап, өлім көбейді. 1932 жылдың ақпанында Халкомның төрағасы Исаев пен Денсаулық сақтау комиссариатының төрағасы С.Асфендияровқа Әулиеата ауданының №36,37,38,39 ауылдары мен Михайлов селосында эпидемиялық аурудың жайлағандығын, Михайлов селосында қара шешектен 70 адам, ал қазақ ауылдарында күніне 10-15 адамның өлетіндігін құпия түрде хабарланған. Жергілікті орындардан жұқпалы аурумен күресуге медициналық көмегінің нашарлығы мен қажеттігі дәрі-дәрмектің болмауы қолбайлау болды.

Семейде іш сүзегінен ауырғандар көбейіп, ауруханаларға жатқызатын жер қалмай қалған. Іш аурумен күніне 10-20 ауырғандықтан ауруханалар қабылдаудан бас тартқан (ҚР ОМА. 30қ. 7рсчт. 158іс. 216п).

Қазақ шаруаларын қатты сергелдеңге түсірген бұл науқандардың соңы оларды жаппай босқындауға алып келді. Тәркілеу, ұжымдастыру науқаны басталатынын білген ірі байлар мен кулақтардың жаппай малдарын өзге ауданға немесе шекарадан асырып айдап әкетіп, жасырмаққа тырысты. Мәселен, Қызылорда округіне қарасты Солытөбенің №1 ауылының

байы Сейітмәмбет Нұркеев 1928 жылдың шілдесінде 800 бас қойды Қызылқұмға айдап апарып жасырған.

Кейбір байлар мал-мүліктерімен шекараға жақын маңға қашып барып, арғы бетке өтпекке талпынды. Үдере көшкен байлардың басымы шекара маңынан ұсталып кері қайтарылды. Лепсі ауданына қарасты, Қытай шекарасына жақын Жаркенттің шекарашылар отряды 1194 бас малымен Қытайға қарай босып бара жатқан 26 қазақ отбасын ұстаған (ҚР ОМА. 5қ. 20т. 88іс. 41п).

Қазақстанда босқыншылық аштық басталмай тұрып, тәркілеу, ұжымдастыру, колхоздастыру науқандары қызу қолға алынып, жүргізіліп жатқан кезде өршіген. Бар байлығынан айырылғысы келмеген ауқаттылар, бұрынғы бай, болыстар кедейлерді үгіттеумен Қазақстанмен көршілес мемлекеттерге асып кетуге тырысты.

Боса қашқандардың басымы, категорияларға бөлініп, үкіметтің жасаған тізіміне енгізілген бай, қулақтар (құлақ) болды. Әкімшілікте қызмет ететін тамыр-таныстарынан алдын ала тәркіленуге жататындардың қатарына енгендігі жөнінде хабар естісімен, бір түннің ішінде туған жерін тастап, шекара асқандар жөнінде мәліметтер әр округтің ОГПУ орындарына күнделікті түсіп жатты. Ақтөбе округінің Ақбұлақ ауданында тәркілеуге жататын 1 және 2 категориялы құлақтар қашқан. Алматы округіне қарасты Жәркент, Октябрь және Қарқара аудандарында шекарасы жақын Қытайға қарай босқандардың қатары көбейген.

Бастапқы кездерде Қытай үкіметі босып барған қазақ байларын шекара маңынан ұстап, кері қайтаруға тырысты. Мәселен, Нарын бөлімшесінде 12 еркек пен 41 әйелді балаларымен шекарашыларға тапсырған (Ашаршылық, 2021: Т.2: 181б).

1931 жылдың күзінде колхоздардың жағдайын тексеруге жіберілген комиссияның есебіне сүйенсек, тез құрылған колхоз шаруашылықтарында адам қалмай, жан-жаққа тамақ іздеп, босып кеткен. Мұндай жағдай Аягөз, Көкпекті, Күршім аудандарында орын алды (ҚРПА. 719қ. 3т. 178іс. 10п).

ОГПУ өкілінің 1932 жылғы 23 қаңтардағы ақпараты бойынша, Ақсу, Алакөл, Шұбартау, жартылай Аягөз бен Балқаш аудандарынан жаппай босып жатқандардың қарасы көбейген. Лепсі ауданында 700-ден 1000-ға дейінгі шаруашылықтар шекара асуға беттеген. Бұл шаруашылықтардың басымы кедейлер мен орташалар, тек 100 шаруашылық қана байлардікі болған (ҚР ПА. 141 қ. 1 т. 5192 іс. 8-9 пп).

Келген қазақтардың кейбірі көшеде қонып, ішерге тамақ таппай өлген жануар, құстардың етін жеп, содан ауру шығып, ұрлық-қарлық көбейгендігін, ашыққандар балаларын тастап кетіп, аштық пен жұқпалы аурулардан өлген қазақтардың мүрделерін көшеден милиция қызметкерлері жинап әкетіп отырды. Асханаларды төңіректен жүргендер жуындыны да қалдырмай, тіпті кейбірі ас ішіп отырғандардың тамақтарын күшпен тартып алу, көшеде қызметкерлердің нандарын ала қашу фактілері жиіледі. Ашыққан қазақтар қалалық кеңес, аудандық атқару комитетіне, аудандық милиция басқармасына күнделікті келіп, балаларын тастап, тіпті мекеме ғимаратынан шығудан бас тартты.

Шекараға жақын аудандардың ашыққандары көбіне шет мемлекеттерге кетуге бел бууының себебін олардың санасында сол елдер өлім құшағынан алып қалады деген үміт еді. Кеңес үкіметі босқандарды шекарадан ары асырмауға тырысты. Жарты жолда ұстап, колхоздарына кері қайтарғандығы жайында архив қорында құжаттар растайды. Үкіметтің жоғарғы орындарына түскен құпия ақпараттарға, хабарламаларға көз тіксек, Қазақстаннан ашыққандардың басымы Қытайға өткен. Тұтастай ауыл шаруашылықтармен өткен. Бірақ әртүрі жолдармен кеткендердің көбі шынымен де сол жақта тұрақтап, отбасын аман сақтап қалғандар қазірде елімізге қайта оралуы күннен күнге ұлғайып келеді.

Қазақ облыстары толықтай аштық құрсағына еніп, босқыншылықты тоқтату мүмкін болмай қалған кезде БОАК Президиумы ұлттар бөлімінің меңгерушісі Нығмет Нұрмақов БОАК төрағасы М. Калининге және Президиум мүшелері А.С. Енукидзе мен А.С. Киселевке Орта Волга, Төменгі Волга, Батыс Сібір өлкесіне, Башқұрт республикасы мен Орта Азияға

қазақтардың жаппай босып кетіп жатқандығын айтып хат жолдап, босқынқазақтарға көмек қолын созуды өтінді (Ашаршылық, 2021: Т.3:132).

Ал республикаға, туған жеріне қайтып оралған босқындарға орналастыру комиссиясы көмек беру, қажетті азық-түлікпен қамтамасыз етуді қолға алды. Сонымен қатар, қаңғыбас балалар орналасқан балалар үйлеріндегі жағдайдың өте ауырлығы ескеріліп, таяу арада қажетті нанмен, қант, май және тағы басқа азық-түлік түрлері берілетін болды (АОМА. 85қ. 1т. 41іс. 74-75пп).

1933 жылы 14 ақпандағы орналастыру комиссиясының шешімімен Ақтөбе, Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы босқындарға көмек ретінде қосымша қордан 90 000 пұт астық (әр облысқа 30 000 пұттан) бөлінді (АОМА. 85қ. 1т. 41іс. 58п).

Аштық жайлаған ауылдарда, совхоздарда малдарын ұрлау, сойып жеу, сату фактілері анықталған. Әрине, бұған ашыққандар амалсыздықтан барған. Жоғарғы орындардың мәліметіне сүйенсек, мәселен, Ақтөбе облысының бірнеше ауданында орын алған осындай жағдайларды келтірейік:

Қобда ауданының 48-ші нөмірлі совхозынан Арыстанғали (фамилиясы белгісіз) деген 1932 жылы 6 мамырда 2 бөлімнің 4 сиырын №13 ауылға сатып жіберген. Осы аудандағы 5-ші ауылдың орташасы Ахмет Тоқболов пен Мұқаметқали Сембаев Қаратөбе совхозынан 1 сиыр ұрлап алып, сойып, етін өзара бөліп алып жеген (АОМА. 636қ. 1т. 10іс. 4п).

Қазақстандағы ашаршылықтың ұлт зиялылары алаңдатпай қоймады. Ел басына түскен қиындықпен күресуде олар үкімет алдына батыл ұсыныстар айтып, аштықты ауыздықтауға өздері де белсене кірісті. 1932 жылдың 26 наурызында республикадағы жағдайды айтып, С. Мендешев Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекин мен ХКК-нің төрағасы О.И. Оразовқа баяндамалық хат жолдады. Ол Ақтөбе округіне сапарында өкілдерімен бірге Самара ауданына барып, Орта Волга бойына босып барған қазақтардың жағдайын бағдарлап, ол жерлерде 50 мың қазақтардың үй-күйсіз, киімсіз, азық-түліксіз қаңғып, воказал, базар маңын торуылдап, қайыр тілеп жүргенін хабарлайды. Түрлі ақпарат көздерінен Орта Волга өлкелік комитеті қазақтарға ақшалай және астықтай жәрдем көрсетіп, үймен және жұмыспен қамтамасыз етпе берген екен.

Самарадан қазақтардың басымы Орал облысынан босып барған қазақтар еді. С. Мендешев Орынбор округіне босып барған қазақтардың жағдайларымен танысып, олармен сөйлесіп, беріліп жатқан көмек назар аударады. Тексеру барысында қазақтарға беріліп жатқан көмектің мардымсыз, азық-түліктің құнарсыздығын әрі олардың мүлдем жұмысқа тартылмай отырғандығын аңғарады. Осыған орай, Орта Волга өлкелік комитетімен сөйлесіп, қазақтарды кері қайтаруда көмек беруді сұрайды.

Босқын қазақтарды кері қайтару жұмысына орай барған арнайы өкілдерге жұмысшы факультетінің студенттерін де тартып, жібереді (ҚРПА. 141қ. 1т. 5192іс. 107п).

Үкіметке жіберілген баянхаттың бірін 1932 жылдың 11 мамырында ХКК-не Молотовқа Қазақ АКСР ХКК-нің төрағасы О.Исаев пен Қаржы комиссары Орымбаев жазып, аштықтан ауылдан адамдарының үдере көшіп жатқандығын, республиканы көп бөлігінде құрғақшылық болып, егін шықпай мал басының азайғандығын, қазақ шаруаларын құлақ-байлардың басқа облыстар мен республикаларға үдере көшуге үгіттеуінен, колхоз шаруашылығына орасан нұқсан келтірілгендігін баяндап өтеді (ҚР ПА. 141қ. 1т. 5192іс. 129-130пп).

Бұдан кейін 1932 жылдың 4 шілдесінде тарихта «бесенің хаты» деген атпен қалған Ғабит Мүсірепов, Мұташ Дәулетқалиев, Қадыр Қуанышев, Емберген Алтынбеков, Мансұр Ғатаулиннің БКП(б) Өлкелік комитетінің хатшысы Ф. Голощекинге жазған хаты келіп түседі. Қазақстандағы 40 млн. мал басынан 5-ақ миллионы, яғни 1/8 бөлігі ғана қалғандығын, оның азаюына байлар мен құлақтар, орта мен кедей шаруалар ғана емес, колхозшылардың да кінәсінің барлығын айтады. Шаруалардың азық іздеп босып жүргендігін, аштықтан өлгендердің қатарының күннен-күнге көбейіп отырғандығын келтіре отырып, босқын қазақтарды қайтарудың бірнеше жолдарын ұсынады. Ол босқын қазақтарды өнеркәсіпке, көлікке, жаңа құрылыстарға және т.б. барынша орналастыру, колхозшылардың иелігіне



уақытша барлық ұсақ кәсіптерге (көлде балық аулау, қоян өсіру, құс шаруашылығы, ұсақ бақтар, ара шаруашылығы, орман және т.б.) беру, кедейлер, орта-жеке шаруалардан салықтарды алып тастау, олардан тауарларын сатып алуда колхоз базарындағы нарықтық бағамен алу болды. Олар сонымен қатар босқындар мен ашыққандарға қаржылай емес, тұрмысқа қажетті құрал-жабдықтарымен, жұмысшы және азық болатын малмен, ұзақ мерзімге арналған несиелемен қамтамасыз етуді де ұсынады. Мұндай жағдайда олардың ұжымдық немесе жеке мал немесе бал шаруамен айналысуына мүмкіндік боларын көрсетеді.

Колхоз мүшелерінің, кедейлердің, орташалар, жеке меншік иелерінің ауыр жағдайларын ескеріп, төленбеген салықтары мен берешектерін жоюдың қажеттігін де көтереді.

Ашыққан республика облыстарын қалпына келтіруде азық-түлік қиындықтарын көріп отырған жерлерде орталықтандырылған астық, мал және малшаруашылығы өнімдерін дайындау жұмыстарын тоқтата тұрып, шаруаларға қолында қалған өнімдерін сатуға барлық жағдайды жасауды да ұсынады. Сонымен қатар, малшаруашылығы аудандарында нанмен және басқа қажетті тауарлармен қамтамасыз етудің қажеттігін де баса айтып, ол үшін колхозшылардың арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізуді, олардың жұмыстарына кедергі келтіретін бағыттардан сақтандыруды да баяндап өтеді (ҚРПА. 141к. 1т. 5233іс. 79-92пп).

Жалпы «бесеудің» хатында аштық мәселесі жанама түрде ғана келтіріліп, Қазақстанды жайлаған нәубет барысы нақты айтылмады. Дегенмен де, Қазақстандағы ауыр жағдай мен оны тудырған себептерді ашып береді. Одан құтылу жолдарын, бағыттарын ұсынады.

1932 жылдың тамызында Қазақ АССР Халық Комиссарлары Кеңесінің құрылтайшысы болған Ораз Исаев республикадағы ауыр жағдайды баяндаған хатын И. Сталинге жолдап, колхоз, совхоздардың тіршілігі апатты жағдайда екендігін, Қазақстанда бар 40 млн. бас малдан бар-жоғы 6 млн. бас қана қалып, оның 2 млн-ы. совхоздарда, ал 4 млн-ы колхоздар мен жеке меншік иелерінің қолында екендігін, қазақ халқының көпшілігінің негізгі кәсібі мен табысының бірден-бір көзі мал шаруашылығы болып табылатындықтан, бұл жағдайы қазақ халқына қатты әсер еткендігін келтіреді.

Ораз Исаев И. Сталинге Қазақстанның аштық құрсауында қалғандығын ашық айтқан зиялылардың бірі. Оның жазуынша, Орталық Қазақстанның 10-12 ауылдарының халқы аштық құрсауына ілігіп, көктемінде 10-15 мың адам өліп, республиканың басқа өңірлері мен сыртқа қарай жаппай босқан. 1929 жылмен салыстырғанда халықтың тең жартысы ғана қалғандығын, шаруалардың шаруашылығы 1931 жылмен салыстырғанда 23-25%-ке азайғандығын келтіреді. Семей мен Ақтөбе аудандарында ашыққандар азық-түлік, жұмыс іздеп кәсіпорындарға, совхоздарға барған. Теміржол станцияларында ұрлық жасап, колхоз алқаптарындағы бидай сабақтарын кесті. Аштық, кір қара шешек, сүзек, дизентерия және т.б. жұқпалы аурулардың жайылуына алып келді.

О. Исаев малшаруашылығының азаюы, елдің әл-ауқатының төмендеп, ашаршылықтың шығуының, ұжымдастыру қателіктері, аса сілтеушілікке жол берілгендігін, партияның табысына масаттанушылардың қатарының көбеюінен деп тұжырымдады. Ол аштықты тоқтатудың бірнеше жолын ұсынды. Олар:

- Жағдайды реттейтін дұрыс шешім қабылдау;
- Мал шаруашылығын қалпына келтіру;
- Малшыға мал сатуға рұқсат беру;
- Колхозды тіркеуден өткізу;
- Қауымдастырылған малды иелеріне қайтарып беру;
- Жеке меншікті қалпына келтіру;
- Балықшы артелдері (өзен бойында ұйымдастыру) ұйымдастыру;
- Қазақстаннан кетіп қалған мамандарды қайтару болды (ҚР ПА. 141к. 1т. 5233іс. 79-92пп). Сөйтіп, үкіметтің жіберген қатесін қалайда болса, қалпына келтіруге болады деп есептеді.

Қазақстандағы ауыр жағдайды көзімен көрген РКФСР Халық Комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов жоғарғы орындарға бірнеше хат жолдап, өзінің ұсыныстарын айтып, үкіметтен көмек сұраған.

Тұрар 1932 жылдың 29 қыркүйекте И. Сталинге жазған алғашқы хатында БКП(б) ОК-тің 17 қыркүйегіндегі «Ауыл шаруашылығы, атап айтқанда, Қазақстандағы мал шаруашылығы туралы» қаулысын неғұрлым тиімді жүзеге асыруда кеміп кеткен мал басының толықтыру қажеттігін ұсынып, мал шаруашылығына байланысты анықтамаға назар аударуды өтінеді.

Т. Рысқұлов Қазақстанда мал шаруашылығының құлдырау себептерінің қатарына тәркілеу, ұжымдастыру барысын жатқызып, тәркілеу басталғанда байлардың малдарын сатып, сойып немесе шетел асқанда өзімен қоса алып кетуін, ал ұжымдастыру тұсында малын ортаға салғысы келмегендер сойып алу немесе ауыл кеңес басшыларының малдарды етке өткізіп жіберу фактілерінің жиілегенін мысалдармен көрсетеді. Оның жазуынша, 1931 жылдың ақпанынан 1932 жылдың ақпанына дейін мал басының 55 %-ке азайғандығын, 1928 жылы 32 млн. (кей деректерде 40 млн.) мал басының 5397 мыңға дейін кемігендігін, бұның ішінде қой 88%-ке, ірі қара мал 86%-ке азайғандығын келтіреді.

Ол сонымен қатар мал басының кемуінің негізгі фактілеріне талан-таражға түсуін, қолды болуын, көшпенді өмірден отырықшылыққа көшудегі жіберілген қателіктерді жатқызады. Оңтүстік Қазақстанның он ауданындағы 445 400 бас малдың 103300 басы етке өткізіліп кеткен, ал 284300-і мал ысырап болып, бар-жоғы 57800 бас қана мал қалған екен. Мұндай мысалдардың бірнешеуін келтіре отырып, осыған ұжымдастыру кезіндегі үкімет тарапынан асыра сілтеушіліктің болғандығын да айқын көрсетеді. Шаруалардың жеке меншік малдарының қоғамдастырылып кетуі, оның үстіне қазыналық болып саналған малдардың қолды болуы жиілеп жағдайларының ауырлауына алып келгендігін айта келе, малынан айырылған, ашыққан қазақтардың өндіріс орындарының пункттеріне (Қарағанды, Балқаш, Қарсақпай және басқа) топталып, жұмысқа орналаса алмай, өндірістегі жұмысқа кетергі келтіріп отырғандығын, сонымен қатар теміржол бойларында ашыққан қазақтардың жиналуын, халықтың арасында ашықтықтың әсерінен әсіресе бала өлімінің көбейіп отырғандығын қынжыла баяндайды.

Тұрар Рысқұлов хатта мал шаруашылығын дамытуда бірнеше ұсыныстар айтқан. Оның бірі, колхозшыларға қоғамдастырылып алынған малдарын қайтару, екіншіден, Шығыс елдерден (Батыс Қытайдан) 1933 жылдан бастап бір миллион қой сатып алып, қой шаруашылығын қалпына келтіруде тұрғындарға тарату арқылы мал басын көбейту, үшіншісі, ерікті түрде халықтан қаражат жинап, мемлекеттік ұйымдар арқылы КСРО-ның басқа аудандарынан немесе шекаралас Шығыс елдерінен қой және т.б. мал басын сатып алып, қазақтарға таратып беру, төртіншісі, совхоздық жүйеге 200 мың бас қой бергізу, бесіншісі, шектес өлкелер мен республикаларға босып барған қазақтарды баспаналарға орналастырып, жұмысқа тарту мәселесі. Ол сонымен қатар, көшпелі өмірден отырықшыландыруды қолға алу, жіберілген қателіктерді жоюды ұсынады. Әсіресе, отырықшыландыру барысында шаруашылықтар құрып, оларды малмен қамтамасыз етуді маңызды санады. Мал шаруашылығымен қатар өзен бойларына отырықшыландырылған халықтарға мақта, егіс өсіруді қолға алудың қажеттігін көрсетті.

Негізінде Т. Рысқұлов отырықшыландырудың бірнеше жолдарын ұсынды. Ол КСРО ХКК мен РСФСР отырықшыландыру жоспарын қарап, бекітуді осы отырықшыландырудың аяқталу мерзімін анықтау және халықты өзі мекендеген жеріне мал шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік бере отырып отырықшыландыруды, ал Қазақстанның оңтүстік аймағына дәнді-дақылдарды отырғызудың техникалық жоспарын жасау және бұрынғы жіберілген кемшіліктерді жоюды тапсыруды маңызды санады. Сонымен қатар, Қазақ өлкелік комитетіне таяу арада отырықшылыққа көшуге жоспарланбаған көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда шаруашылық-мәдени шараларды қолға алуды тапсырудың қажеттігін атап өтті.

Осы хатында екінші бесжылдықтың жоспарын талдауға ала отырып, қатар қоян мен құс өсіруді қазақ колхоздарына енгізу жөніндегі пунктке орай пікір білдіріп, қазақтың қоян

өсіруге бейімделмегендіктен қой өсіруі тиімді деген пікір айтады (Рыскулов, 1998:Т.3:304-312,315). Жалпы, Т. Рысқұлов бұл хатында аштық мәселесін ашық айтпағанмен де, тұралап қалған мал шаруашылығын қалпына келтірмесе халықтың жағдайының ауырлайтындығын нақты көрсетеді.

Қайраткердің 1933 жылдың 31 қаңтарда БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Л. Мирзоянға жазған екінші хатында республикадағы ахуалға байланысты Қазақстанның 70 ауданында егіс көлемінің қысқартылып, мал басының кемеуі, халықтың өзге республикаларға қарай жаппай босу үдерісі орын алып отырғандығын, жұқпалы ауруларға арналған ауруханалардың жетіспейтіндігіне дабыл қақты. Сонымен бірге, 1932 жылы қыркүйекте Сталинге жіберген хатының көшірмесін де қоса салады. Ол Л. Мирзоянға Башқұрт, Қарақалпақ, Орта Волга жеріне қарай босып кеткен қазақтарды сол жерлерге орналастыру мәселесі жөнінде Сулимов пен Калининмен таяу арада келіссөз жүргізу қажеттігін ұсынды. Ал өзінің Ақтөбедегі Қызыл Крест эпимедмиялық отрядына Сулимовқа өзі хат жазып, арнайы эпимедмиялық қордан 150 мың рубль бөлуді де сұрағандығын да келтіреді. Хатында өлке хатшысынан жағдайды тез арада тексеріп, қолға алуды өтінеді (ҚР ПА. 141қ. 1т. 6403іс. 37п).

Қазақстандағы аштық барысында босқан қазақтар мәселесі мен оларды орналастыруға орай РКФСР ХКК-нің жанынан құрылған комиссия төрағалығы Тұрар Рысқұловқа жүктелінді. Босқын қазақтардың жағдайын өз көзімен көріп, танысқаннан кейін ол қазақ жерін аштық жайлап, халықтың жаппай қырылып жатқандығы мен үдере көшу барысына қатысты үшінші хатын Тұрар Рысқұлов 1933 жылы 9 наурызда Сталинге, көшірмелерін БКП(б) мен Молотовқа жіберіп, ашыққандардың өмірін сақтап қалуға көмек сұрайды. Ол 1931 жылдың соңынан Қазақстанның бір ауданынан бір ауданына және сырт жағына қарай басталған қазақтардың босуы 1932 жылдың көктеміне қарай күшейгенін, аштық пен жұқпалы аурудан қазақ аудандарында өлімнің көбейіп бара жатқандығын айта келе, егер де тез арада орталық ұйымдар араласпаса олардың саны арта түсегіндігіне ескерту жасайды. Т.Рысқұловтың баяндауынша, Ташкент, Сібір және Златоустинск теміржолдары арқылы көрші өлкелерге босқандармен жұқпалы аурулар таратып жатқан. Орталық комитеттің қаулысымен көмек ретінде бөлінуге тиіс азық-түлік айтарлықтай орындалмаған. Осы мәселелерді хаттың басында айта келе, Тұрар Рысқұлов қазақ өлкесіндегі аштық барысының өршуін толық баяндап, оларды өлімнен аман сақтап қалудың бірнеше жолдарын ұсынады.

Ол Қазақстаннан көрші елдерге босып кеткендерді сан есебінде көрсетеді. Орта Волгаға – 40 мың, Қырғызстанға – 100 мың, Батыс Сібірге – 50 мың, Қарақалпақстанға – 20 мың, Орта Азияға – 30 мың қазақтар босып барған. Қалмық, Солтүстік өлкесіне, Тәжікстанға дейін кеткендер де байқалды. Тұрғындардың бір бөлігі байлармен бірге Батыс Қытайға көшіп кеткен. Босқындардың басымы ашығып, тамақ іздегендер болғандығын айтқан қайраткер әр ауданнан 40-50 % қазақтар көшкендігін келтіре отырып, олардың жағдайлары аса ауыр, өндіріс орындары, совхоз, МТС-тардан шығып қалған жұмыссыздардың қатарының көбейіп бара жатқандығын, олардың басымы қазақтар екендігін ашына келтірді.

Тұрар Рысқұлов қазақ шаруашылығының күйреуі мен олардың босуының басты себебіне қазақтардың арасында ашаршылық пен жұқпалы аурулардың (эпидемия) таралуын жатқызды. 1932 жылдың көктемінен қазақ аудандары мен босқындардың арасында осы аштық пен жұқпалы аурулардан адам өлімінің көп шығыны байқалғандығын келтіре, осы көктемде де аштықтан өлгендердің қатары көбейгендігін мысалдар негізінде фактілермен көрсетеді. Қазақ өлкесіне келген РКФСР ХКК комиссиясы өкілдерінің бірі Илларионовтың (Орталық Волга өлкелік атқару комитеті) айтуымен, Елек пен Ор аудандарына босып келгендерден күніне 5-10 адам өлгендігін, ал Батыс Сібір атқару комитетінің жауапты өкілі Сібір теміржол станциясында 10 мың қазақтардың топталып қалғандығын, араларында жұқпалы аурумен ауырғандардың және өлімнің көптігін, Солтүстік құрылыс жолында жұмыс істеген 84 қазақтың барлығы жұмыстан қуылып, 14 адамы аштықтан өлгендігін, ал Қазақ ОАК төрағасының орынбасары Тұрғанбаев та Фрунзе

қаласы мен оның айналасына 10 мыңға дейін қазақтар жиналып, күнделікті 15-20 адамнан өліп жатқандығын хабарлағандығын келтіреді.

Т. Рысқұлов Қазақстанның әр губерниясында осындай аштықтан өлгендердің қатары күннен-күнге көбейіп бара жатқандығын мысалдармен қынжыла баяндайды. Торғай республикадағы аштық құрсауында қалған, адам өлімі көп өңірге жатқызылды. Әсіресе, адамдардың арасында жұқпалы аурудың тез тарап, шешекпен ауырғандар сау адамдарға таратып, нәтижесінде өлім көбейгендігін мысалдар негізінде келтіреді.

Жалпы бұл хатта республиканың әр аудандарында өлген аштардың саны ғана емес, балалардың хал-ахуалына тоқталып, қазақ даласында қаңғыбас балалардың көбейгендігін, аштық пен аурудан бала өлімінің өсіп отырғандығын да атап өтеді.

Ол босқындар мен ашыққандарға қазақ ұйымдарының көмегі жетпей отырғандығын да баяндай келе, аштық пен босқыншылықтың шығу себебін мал басының кемуі, егіс көлемінің азаюы, асыра сілтеушіліктер мен көз бояушылықтар, ұлт саясатының бұрмалануы деп болжамдайды.

Бұл хатта ол елдегі аштықтан құтылуда 5 ірі ұсыныс айтқан.

1. Босқындарды барған жерлерінен қайтармай, орналастырып, көмек көрсетіп, жұмысқа тарту;

2. Босқындар мен ашыққандарды азықпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру және көмек қорынан азық бөлігу, босқын-қазақтарды өндіріс орындарына, совхоз, МТС, құрылыс немесе маусымдық жұмыстарға тарту, сонымен балық кәсіпшілігінің бағытындағы және онымен бір уақытта өнеркәсіптер мен ауылшаруашылық орындарын құлақ-байлардан, шовинистік элементтерден тазарту;

3. Отырықшыландыру жоспарын қайтадан қарастыру және өнеркәсіптер мен кәсіпорындардың маңайына босқындарды орналастыру және оларға мал сатып әперу;

4. Қазақ өлкелік комитетіне бір ай ішінде босқын-қазақтарды орналастырудың іс шаралары жөніндегі және Қазақстандамал шаруашылығын көтеруге қатысты әзірленген жоспарларды ОК-ке беру;

5. Халық санағын өткізу, комиссиямен бірлесе халық шаруашылығының сараптау арқылы жай-күйін анықтау (ҚРПА. 141қ. 1т. 6403іс. 138-146пп).

Осы хатты жібергеннен кейін Т. Рысқұлов оның көшірмесін 1933 жылы 11 наурызда Л. Мирзоянға жолдап, басшы ретінде мәселені бақылауға алсаңыз деген өтініш айтқан (ҚР ПА. 141қ. 1т. 6403іс. 137п).

1933 жылдың сәуірінде ол Қырғыз және Башқұрт АКСР-і үкімет органдарына босқын қазақтарға қатысты бірнеше хаттар мен жеделхаттар (телеграмма) жіберіп, сол елдерге босып барған қазақтарға көмек көрсету, орналастыру мәселесіне орай үкіметтің қаулы-қарарлары орындалмай, керісінше бұрмалау фактілері орын алып отырғандығын айтып, тез арада шара қолдануды сұраған. Мәселен, Қырғыз облыстық комитетінің хатшысы Шахрай мен Қырғыз АКСР-і ХКК-нің төрағасы Абдрахмановқа жіберген хатында Фрунзе ауданында босқын қазақтарға арналған тамақтандыру пункттарында бассыздықтар анықталғандығын келтіріп, осыған кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өтінеді (Рыскулов, 1998, Т.3:348-349.).

Т.Рысқұлов Абдрахмановқа жіберген жеделхатында да республикаларынан босқын қазақтарды қууды тоқтатуды талап етеді. Осы мәселеге қатысты жіберген екі жеделхатына орай жауап ала алмаған соң тағы да жеделхат жолдап, «неліктен жауапсыз қалғандығын» сұрайды. Тез арада Халкомға босқын қазақтарды орналастыруға қатысты ХКК-і шешімінің орындалу барысы жөнінде мәлімдеме жіберуін өтінеді.

Тура осындай мазмұндағы хаттар мен жеделхаттар Башқұрт АКСР-не Уфаға, Булашевқа да Т. Рысқұловтың қол қоюымен жөнелтіледі. Босқын қазақтардың қаншалықты орналастырылғандығы немесе орналастырылмағандығы, жұмысқа тұрғандығы немесе жұмыссыздары жөнінде нақты сандық мәлімет беруді сұрайды.

Ол Булашевқа босқын қазақтарды қайта республикаға қайтарудың мүмкіндігі жоқтығын айтып, ретінше жұмыстан босатылғандарды өндіріс орындарына, совхоздарға қайтадан қабылдап, бар жағдайды жасау керектігін түсіндіреді.

Қайраткердің 1933 жылдың 9 қыркүйегінде Мирзоян мен көшірмесі Қазақ ХКК-не Исавқа жіберген бесіншісі хаты қазақ жерінен Орта Волга, Батыс Сібір, және Кеңестер Одағының басқа республикаларына босып барғандарды кері қайтармай, сол жерлерде көмек көрсету мәселесіне арналды. Босқын қазақтарды жұмыспен қамтамасыз етуде көп іс-шаралардың жүргізілгенін, алайда Қазақстанның өзінде кері қайтып келгендер ауыр жағдайларға тап болғандығын, оларға ешқандай да үкімет тарапынан көмек көрсетілмей жатқандығын, тез арада осы мәселені қолға алуды талап етті. Қазақ Халкомы 1933 жылдың 20 шілдесінде шығарған қаулысында босып кеткен қазақтардың орнына 12 мың маман жұмысшыларды даярлауды, республиканың 30 мыңдай адамын жұмыс күші ретінде тарту және Қазақстаннан тыс жерге кеткен 25 мың адамды қайтару мәселесін жоспарлаған.

Т. Рысқұлов қабылданған қаулы-қарарларға қарамай, кейбір республикаларда босқын қазақтарды кері қайтармақ болған әрекеттердің орын алып отырғандығын айтады.

Қайраткерді жақындап келе жатқан күз алаңдатты. Күздің қара суығы, оның үстіне республикаға қайтарарлық күш-көліктің аздығы қолбайлау болатыны сөзсіз еді. Оның үстіне, РКСФС ХКК-нен Лебедьтің босқын қазақтардың Қазақстанға қайтуға үміттеніп отырғандығы жөніндегі бірнеше жедалхаты барлығын келтіре, осы мәселені байыбына барып шешуді ұсынады.

Жалпы осы хатында Тұрар Рысқұлұлы қазақ жерінен тысқары кеткендердің топ-топ болып республикаға, өз ауылдарына қайтып оралып, ешқандай көмектің болмағандығынан қиын жағдайларға тап болғандығын да ашық көрсетеді.

Республиканың ішінде жұмысшы күші жетіспегендіктен бір жерден екінші жерге апару мәселесінде де қиыншылықтар туындаған. Жұмысшы күші өздеріне жетіспегендіктен кейбір аудан, өнеркәсіп орындары өз адамдарын жіберуден бас тартқан. Осыған орай, Т. Рысқұлов егер өзге өлкелерден немесе облыстар босқын қазақтарды қайтару мәселесін көтерсе, онда арнайы жоспармен жүргізу қажеттігін дұрыс санады (ҚР ПА. 141қ. 1т. 6403іс. 289-290шп).

Бұл жерде Т. Рысқұлов босқын қазақтардың мәселесі дұрыс жолға қойылмаса, қиыншылықтар туындауы мүмкіндігін, оларға азық-түліктей, қаржылай көмек беріліп, ең бастысы барған жерлерінде орнықтырылып, жұмыспен қамтамасыз етуді маңызды санады.

### **Қазақ ауылының аман қалуға бейімделу тәжірибесі.**

Никколо Панчиолонның пікірінше көшпелі халықтар бұдан былай өнімді емес жұмысшылар ретінде шеттетілді. Сондықтан да мемлекет олардың көшпелі тұрғыда өмір сүруіне мүдделі болмады (Pianciola, 2001: 246-247).

Рулық құрылымға негізделген қазақ ауылын отырықшыландыру мақсатында жойқын саяси шабуыл жасалды. Күштеу саясаты арқылы дәстүрлі көшпелі шаруашылық жойылды. Отбасы сабақтастығы мен ұрпақ жады бұзылды. Қазақ ауылының тұрмыстық болмысы күштеп өзгертілді.

Рулық отбасы – тәркілеу және жалған ажырасу құжатын жасату, мүлікті қайта жаздыру, тегін өзгерту нәтижесінде өзара туыстық байланыстарын жоғалтты. Отбасы үшін ең қорқыныштысы–күштеп көшіртуге ұшырау, рудың жерімен байланысын жоғалту, асыраушысынан айрылу, ата-баба тегінен ажырап қалу.

Ашаршылық жағдайында қазақ халқы кеңестік болмыс пен экономикалық шындыққа бейімделе отырып, ұтымды бейімделу модельдерін жасады, мысалы, басыбайлық қатынастардың жаңа формасына айналған колхозға күштеп енгізілді (Ficpatrik, 2008:11). Кеңестік идеологияға сай келетін қазақ колхозшыларының әлеуметтік мінез-құлқының бейімделу тәжірибесі шартталды.

Билік өз әрекеттерімен қазақ халқын арандатып, бірнеше әкімшілік ауылдарды біріктірді, оның үстіне оларөзара ұзақ қашықтықта болумен қатар, әртүрлі рулық тектен болды. Нәтижесінде әр түрлі рулық топтардың өкілдері бір әкімшілік бірліктің құрамында жинақталды. Зорлық-зомбылықпен қоғамдандыру нәтижесінде бір колхозға шоғырланған ауылдар жайлы орын алу үшін таласқа түсті. Үшінші күштің жалпы қарсыласуына «бөлу

және жеңу» қағидаты бойынша билік құрылымдары кірді. Ру аралық текетіреске үшінші күш болып билік құрылымдары араласып «бөліп ал да, билей бер» қағидатына көшті.

Билік колхоздың төрағасы ретінде жергілікті ру мен жерден тысқары басқа тектегі өкілді тағайындау арқылы алауыздықты жасанды түрде қоздырды. Көздеген мақсаттары – рулық-отбасылық тіректі жою болды. Түйіндеп айтсақ, қазақтың бойына жалтақтық мінезді сіңдіру болды. Өз руларының басшылығымен біріккен қарапайым қолхозшылар ортақ жауға – «сырттан» тағайындалған төрағаға қарсы бітіспес күрес бастады. Жаңа тағайындалғанға ешкім сенбегенін ескерсек, «бөтен» төраға өзі басшылық ететін ауылда не болып жатқанын нақты білмеді. Кеңестік дәрежелік мәртебеге бөлу де адамдардың бәсекелестігін ғана емес, сонымен бірге рулық қарама-қайшылықты тудырды. Рулық жауласудан туындаған араздықтың салдарынан жазықсыз адамдар зардап шекті, олар жалған жала жабу мен арнайы ұйымдастырылып түсірілген арыздардың салдарынан кенеттен «байға» айналды. Бұл жағдай кеңестік дәуірде олардың болашақ тағдырына балта шапқанмен бірдей болды. Бір сөзбен түйіндесек «халық жауы» атануына негіз қалады. Колхоздардағы сайлау науқандары кезінде ру басшылары басқа рудан шыққан кеңестік белсенділерге айыптау материалдарын дайындау үшін жасырын жиналыстар өткізді. Қолдан жасалған әшкерелейтін айыптауларды тиісті орындарға беру арқылы өздері үшін тиімсіз саналғандарды шеттетіп, олардың орнына өз жақтастарын қоюға мүмкіндік алды (Zhanbossinova, 2021: 50-53).

Аштыққа ұшырағандардың көпшілігі үшін Қазақ АКСР-нің индустриялық объектілері әлеуметтік-өндірістік қатынастардың жаңа форматына кіріктіруші және жаңа өмір сүру тәжірибесіне тартушы нысанға айналды. Ел ішінде аштықтан аман шығудың бірден-бір жалғыз жолы болды.

Ауыл тұрғындары үшін, рулық қолдау болмаған жағдайда, зауытқа, фабрикаға, шахтаға және т.б. өнеркәсіптік нысандар ендігі өмірлеріндегі ең ауыр сынаққа айналды. Отбасыларын аштықтан құтқарып қалумен қатар, олар руластарының қолдауынсыз мүлдем беймәлім ортаға бейімделуге мәжбүр болды. Әрине, жұмысшы біліктілігінің жоқтығы, оларды жұмысшы ретінде, соның ішінде Түркісіб құрылысында да қара жұмыс атқарды. Ауыр еңбек оларға наны бар жұмысшы азығын алуға мүмкіндік берді. Бұл олардың өмірге деген үмітін оятты.

Ауыл аштық тозағына тап болды, дайындау науқандарының күштеп тартып алу кепіліне айналды, халықты жайылымнан азық іздеуге мәжбүр етті. Отбасылық жады тамақтану мен өлместің күнін көрген тәжірибесінің сипаттамасын сақтап қалды. Арнайы тұзақтар, садақ пен жебелер жасауға машықтанды. Тұз аңдары мен жәндіктерін аулау үшін тұзақтар салынды. Оларды қолға түскен материалдардан жасалған құралдармен ұстады. Құс ұяларынан жұмыртқа, таулардағы жабайы сарымсақтан бастап жеуге келеді деген түрлі шөптерді жұлып жинады (Asharshylyk, 2021: 126).

«Әкем үкіметте жұмыс істегендіктен жарты кесе бидай алады. Оны (бидай – авт.) үйге әкелсем, анам май тамызып, қазанға қуырып, бізге берді. О, қандай дәмді тағам..... Дәміне таңдана отырып жедік. Қуыруға май қалмаған соң, әкем қой терісіне бидай шашып, жүн арасынан бит іздегендей теріп жейтінбіз» (Asharshylyk, 2021: 253).

Ауылдарды қамтамасыз ету өте нашар еді, халық балама азық-түлік көздерін пайдаланды, мысалы, өлі жылқыларды, иттерге тастаған шірік еттерді, жусан аралас бидайдан жасалған нандарды жеді (ПАҚР. Қ. 141. Тізбе. 1. Іс. 7267. п. 1-3).

Ең қиын сынақ ата-анасының және мемлекеттік билік аппаратының кепіліне айналған балаларға түсті. Ата-анасы балаларын тірідей тастауы, балалар үйінде аман қалуға мүмкіндігі бар екенін түсінген қазақ отбасына мүлдем жат мінез-құлық. Ресей мұрағаттарының қорларында қазақтардың мал-мүлкі мен тұрмыстық жағдайының мүлдем болмауынан, тамақтандыруға еш мүмкіндігі жоқ болғандықтан, тағдырдың жазуымен балаларын тағдырдың талайына деп тастаған, балалардың зарына, аштықтан қиналғанына шыдай алмаған аналар балаларын мұздату үшін көшеге лақтырғанын көрсететін құжаттар сақталған (Новосибирск облысының мемлекеттік мұрағаты (ары қарай НОММ/ГАНО. Қ. 47. Тізбе. 2. Іс. 389: 14-15, 28-29 пп.).

## Қорытынды

XX ғасырдың 30-жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық қазақ халқының есіне жазылмас жара салды. Осы жылдар аралығында ұлтына, түріне қарамай, қазақ жерін мекендеген қаншама адам аштық тырнағына ілігіп, ажал құшты, ауызға салар талғажау іздеп жаяу-жалпы елді-мекендерді кезді, өзге республикаларға, шет мемлекеттерге қарай босты. Қаншамасы жол жиегінде қалып, мерт болды. Оның санына жету мүмкін емес.

1931-1933 жылдардағы ашаршылықтан елімізде адам шығыны да, мал шығыны да есепсіз болды. Қолындағы соңғы тұяғын сойып жеген шаруаның ертеңгі күні бұлыңғыр еді. Оның ертеңін ойлауға шамасы да жетпеді, жеткізбеді де. Қолда ұстаса, ұрыға алдырып аңырап қалады, сойып жесе, алдағы өмірі не болады? Бәрі күңгірт, қараңғылық басқан, тұман болып, белгісіз өмір күйін кешті.

Қазақстандағы ашаршылық ешкімді аямады. Соның ішінде әлсіздері – балалар мен қарттар – тым көп қырылды. Қарттардың, жасы ұлғайған адамдардың кетуі халық даналығы мен тәжірибесінің алтын қорын шайқаса, балалардан айырылу ұлттың болашағына, ертеңіне деген қауіпті күшейтті.

Қазақстаннан тысқары жерге кеткендердің де жағдайы мәз болмады. Барған жерлерінде жұмыс таппағандары баспанасыз көшеде қалды, теміржол вокзалдарын паналады, балалар ата-анасынан ажырап, қаңғыбастар қатарын толықтырды. Нәр таппай әлсірегендер арасында жұқпалы аурулар тарады, суықтан, аяздан өлім-жітім көбейді. Жер-жерде шовинистік пиғылдар, ұрлық-қарлық бой көтергенін нақты деректермен алға тартып, ахуалдың қаншалықты ауыр болғанын дәйектейді. 1931-1933 жылдары ашаршылық зардабынан республика халқы бірден құтыла алмады. Осылайша, ашаршылық жағдайында рулық-иерархиялық құрылымдарға негізделген дәстүрлі көшпелі қазақ қоғамы әртүрлі бейімделу тәжірибелері мен өмір сүру стратегияларын көрсетті.

*Мақала ГФ АР14869309 «Қазақ ауылын күштеп жаңғырту: 1920 жылдардың соңы – 1930 жылдардың басындағы саяси-әлеуметтік қайта құруларға рулық-иерархиялық құрылымды бейімдеу» жобасы аясында дайындалды.*

## Әдебиеттер тізімі

Ohayon I. La sédentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline. Collectivisation et changement social (1928-1945). – Paris, 2006.

Pianciola Niccolò. The Collectivization Famine in Kazakhstan, 1931-1933 // Harvard Ukrainian Studies. – 2001. – Vol. 25, No. – P. 237-251.

Robert Kindler. Studien zur gewaltgeschichte des 20. jahrhunderts. hamburg: hamburger edition, 2014. – 381 pp.

Zhanbossinova A.S. Kazakh nomads: the road to socialism // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series. – 2021. – № 1(134). – P. 49-62

Акимбеков С. Казахстан между революцией и голодом. – Алматы: ТОО «Институт Азиатских исследований», 2021. – 584 с.

Ашаршылық. Голод. 1928 – 1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.2. 1930-1931 / Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Нур-Султан, 2021. – 1239 с.

Ашаршылық. Голод. 1928 – 1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.3. 1932 – 1934 / Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Нур-Султан, 2021. – 1027 с.

Голод в казахской степи: письма тревоги и боли / Ред. Абдирайымов С. Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 226 с.

Голод в СССР. 1929-1934: В 3 т. Т. 1: 1929 – июль 1932: Кн. 2. – М.: МФД, 2011. – 560 с.

Камерон С. Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. – Алматы, 2020. – 304 б.

Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане (пер. с нем. Л.Ю. Пантиной) / Р. Киндлер. – М.: Полит. энцикл., 2017. – 382 с.

Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-33-е гг.: /Сборник документов и материалов. – Алматы, 1998. – 263 с.

Марта Брилл Олкотт. Коллективизация в Казахстане// Российский обзор. – 1981.– № 2. – С. 122-142.

Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (1930-1933 гг.): хрест. / Т. Омарбеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 203 с.

Сайлаубай Е.Е., Жанбосинова А.С., Омарканова А. Родо-иерархические связи в системе протестных координат казахского аула //Серия «История. Философия». – 2023.-№1(109).- С. 62-72.

Конквест Роберт. Жатва скорби: советская коллективизация и террор голодом. – Нью-Йорк, 1986. – 621 с.

Рыскулов Т. Собрание сочинений в трех томах. – Алматы: Қазақстан, 1998. – Т.3. – 444 с.

Трагедия казахского аула 1928-1934 гг. Том 1.1928–Апрель- 1929. - Алматы, 2013. – 744 с.

Фицпатрик Ш. Сталинские крестьяне. Социальная история Советской России в 30-е годы: деревня. – Москва, 2008. - 422 с.

**Светлана О. Смагулова<sup>1</sup>, Ерлан Е. Сайлаубай<sup>2</sup>, Халил Б. Маслов<sup>2\*</sup>**

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
Астана, Казахстан

### **Голод и адаптационные практики казахского аула**

**Аннотация.** Голод 1931-1933 годов нанес неисчислимы потери народу Казахстана. Люди, пострадавшие от голода, искали убежища в других странах и невольно оказались беженцами. Во многих деревнях осталось столько непогребенных останков погибших людей. Этот голод оказал негативное влияние на демографию Казахстана.

История голода - это не только статистические показатели смертности, за страшными цифрами находятся человеческие судьбы. Авторы стремились показать трансформацию казахского аула и родо-иерархических отношений периода казахстанской катастрофы.

В статье разясняются последствия голода, произошедшего в Казахстане с 1931 по 1933 годы, социальное положение казахских сел и меры правительства по сдерживанию голода. Освещаются действия национальной интеллигенции и граждан против голода.

Документы по истории голода раскрывают уникальные страницы адаптационных практик казахского рода, казахской семьи, казахского аула, обусловленных аффективным общественным сознанием. Авторы проанализировали поведенческие реакции населения в экстремальной ситуации. К ним авторы отнесли поиск альтернативных источников питания, асоциальные и деструктивные явления индивидуального поведения, голодную агрессию. Выявили такие нехарактерные асоциальные формы поведения казахской семьи, как оставление детей и стариков, распад семейно-родственных связей, каннибализм, некрофагию. Семейно-родовая память сохранила травматический опыт, историю о голоде.

**Ключевые слова:** голод; казахский аул; беженец; родовые отношения; адаптационные практики; стратегии выживания.

**Svetlana O. Smagulova<sup>1</sup>, Yerlan E. Sailaubay<sup>2</sup>, Khalil B. Maslov<sup>2\*</sup>**

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

### **Hunger and adaptation practices of the Kazakh village**

**Abstract.** The famine of 1931-1933 caused incalculable damage to the people of Kazakhstan. The horrors of famine that engulfed the republic shocked the whole country. The population affected by hunger fled the country, seeking refuge in other countries. In many villages, only the remains of people



who died of starvation remained without burial. This famine had a negative impact on the demography of Kazakhstan.

The history of famine is not only statistical indicators of mortality, behind the terrible figures are human destinies. The authors sought to show the transformation of the Kazakh village and the family-hierarchical relations of the period of the Kazakh catastrophe.

The article explains the consequences of the famine that occurred in Kazakhstan from 1931 to 1933, the social situation of Kazakh villages and government measures to curb hunger. The actions of the national intelligentsia and citizens against hunger are highlighted.

Documents on the history of famine reveal unique pages of adaptation practices of the Kazakh clan, Kazakh family, Kazakh village, conditioned by affective social consciousness. The authors analyzed the behavioral reactions of the population in an extreme situation. The authors attributed to them the search for alternative food sources, antisocial and destructive phenomena of individual behavior, hungry aggression. Uncharacteristic asocial forms of behavior of the Kazakh family were revealed, such as abandonment of children and the elderly, the breakdown of family ties, cannibalism, necrophagia. Family and ancestral memory has preserved a traumatic experience, a story about hunger.

**Keywords:** hunger; Kazakh village; refugee; tribal relations; adaptation practices; survival strategies.

## References

Ohayon I. La sédentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline. Collectivisation et changement social (1928-1945). – Paris, 2006.

Pianciola Niccolò. The Collectivization Famine in Kazakhstan, 1931-1933. *Harvard Ukrainian Studies*. 25 (3/4), 237-251 (2001).

Robert Kindler. Studien zur gewaltgeschichte des 20. Jahrhunderts. hamburg: hamburger edition, 2014. – 381 pp. [in German].

Zhanbossinova A.S. Kazakh nomads: the road to socialism. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series*. 1 (134). 49-62 (2021).

Asharshylykh. Golod. 1928 – 1934. Dokumental'naiia hronika. [Famine. Golod. 1928-1934. Documentary chronicle]. Sb.dok. T.2. 1930-1931. (Nur-Sultan, 2021, 1239 p.) [in Russian].

Asharshylykh. Golod. 1928 – 1934. Dokumental'naiia hronika. [Famine. Golod. 1928-1934. Documentary chronicle]. Sb.dok. T.3. 1932-1934. (Nur-Sultan, 2021, 1027 p.) [in Russian].

Golod v kazahskoi stepi: pisma trevogi i boli [Famine in the Kazakh steppe: letters of anxiety and pain]. (Almaty: Kazakh universiteti, 1991, 226p.) [in Russian].

Golod v SSSR. 1929-1934 [Famine in the USSR. 1929-1934]. V 3 t. T. 1: 1929 – iyul 1932: Kn. 2. (M.: MFD, 2011, 560 p.) [in Russian].

Kameron S. Ashtykhjailagandala. Asharshylykh, ozbyrlykhjane Kenestik Kazakhstandy ornatu [Hunger swept the steppe. Famine, arbitrariness and the establishment of Soviet Kazakhstan]. (Almaty, 2020, 304p.) [in Kazakh].

Kindler R. Stalinskiiekochevniki: vlast i golod v Kazakhstane [Stalin's Nomads: Power and famine in Kazakhstan]. (per. s nem. L.Y. Pantinoi) (M.: Polit.ntsikl., 2017. – 382 p.) [in Russian].

Nasilstvennaiya kollektivizatsiya i golod v Kazakhstane v 1931-33-e gg. [Forced collectivization and famine in Kazakhstan in 1931-33]. *Sbornik dokumentov i materialov*. (Almaty, 1998, 263 p.) [in Russian].

Marta Brill Olcott. Kollektivizatsia v Kazakhstane [Collectivization in Kazakhstan]. *Rossiiskii Obzor* [Russian review]. 2.122-142 (1981). [in Russian].

Omarbekov T. Golodomor v Kazakhstane: prichiny, mashtaby i itogi (1930-1933 gg.) [Holodomor in Kazakhstan: causes, scale and results (1930-1933)].: Hrest. /T. Omarbekov. (Almaty: Kazakhuniversiteti, 2011, 203 p.) [in Russian].

Ohayon I. La sédentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline. Collectivisation et changement social (1928-1945). - Paris, 2006.

Robert Konkvest. Jatvaskorbi: sovetskaiakollektivizatsiia i terror golodom [Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and Terror by Famine]. (New York, 1986. 621 p.) [in Russian].

Ryskulov T. Sobraniesochinenii v trehtomah [Collected works in three volumes]. (Almaty: Kazakhstan, 1998. T.3. 444 p.) [in Russian].

Tragediyakazakhskogo aula 1928-1934 gg [The tragedy of the Kazakh aul 1928-1934]. Tom 1. 1928-April. Almaty, 2013. 744 (1929). [in Russian].

Ficpatrik Sh. Stalinskie krest'yane. Social'naya istoriya Sovetskoj Rossii v 30-e gody. Derevnnya [Stalin's peasants. Social History of Soviet Russia in the 30s: village]. (Moskva, 2008, 420 p.) [in Russian].

### Information about the authors:

*Smagulova Svetlana Odeповna* – Doctor of Historical Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

*Sailaubai Yerlan Yernazarovich* – PhD, Associate Professor, Director of Yel Tarikhy Research Center, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*Maslov Khalil Borisovich* – PhD, Leading Researcher, Alash Research Institute, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*Смагулова Светлана Одеповна* – доктор исторических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан.

*Сайлаубай Ерлан Ерназарұлы* – к.и.н., доцент, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, Астана.

*Маслов Халил Борисович* – PhD, ведущий научный сотрудник НИИ «Алаш», Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, Астана.



**Copyright:** © 2023 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).